

«Астрахан ауылының №1 ЖОББМ» КММ-нің 2024-2025 оқу жылындағы тәрбие жұмыс қыркүйек айы бойынша аналитикалық есебі.

«Астрахан ауылының №1 ЖОББМ» КММ-де 2024-2025 оқу жылында **«Біртұтас тәрбие»** бағдарлама аясында 1 қыркүйек Білім күні үлкен мереке екенін балаларға жеткізе білу, сезіну білімге деген құштарлығын арттыру, еліміздің білімді, тәрбиелі азаматын елжандылыққа тәрбиелеу.

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзінде балалар арасында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеудің маңызын атап, білім беру ұйымдарындағы тәрбие ісіне ерекше назар аударуды тапсырды. Осыған орай 2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді.

Бағдарлама білім алушылардың ар-ұят, еңбекқорлық, білім алуға құштарлық, сыни және креативті ойлау, құқықтық және экологиялық мәдениетті, медиа сауаттылық, жауапкершілік қасиеттерін қалыптастыруды көздейді. Бағдарлама шеңберінде жыл бойы ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруға бағытталған жүйелі жұмыстар атқарылды. Әрбір білім беру ұйымдары үшін оқу жылының басталуы мен аяқталуына арналған мерекелік шаралар маңызды. Соның бірі оқу жылының аяқталуына орай **«Білімім – Отаныма!», «Мың алғыс, саған, мектебім!», «Мен. Ұстаз. Мектеп»** тақырыптарында іс-шаралар жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіледі. Аталған іс-шаралар түлектердің өзіне тұлға ретінде есеп беріп, алдағы болашағын дұрыс жоспарлауды мақсат етеді.

2024-2025 оқу жылында «Білім күні» 1 қыркүйекте, мектептің барлық қауымдастығының қатысуымен **«Мектебім – мейірім мекені»** тақырыбында салтанатты шара форматында өткізіледі (ұзақтығы – **45 минут**).

Салтанатты шараның мақсаты: жаңа оқу жылының салтанатты ашылуын ұйымдастыру және білім алушылардың білім алуға ұмтылысын, патриотизм, еңбекқорлық, жауапкершілік пен өзара сыйластық қасиеттерін қалыптастыруға ықпал ететін мерекелік және шабыттандыратын атмосфера құру.

Міндеттері:

- білім алушыларға патриотизм, құрмет және азаматтық сана құндылықтарын дарыту;
- өзара сыйластық пен түсіністікке негізделген мектеп мәдениетін қалыптастыру;
- қатысушыларды алдыңғы оқу жылының жетістіктері туралы хабардар ету;

Салтанатты шараға келесідей өкілдердің қатысуы ұсынылады:

- білім беру саласындағы еңбек ардагерлері;
- білім бөлімдерінің/басқармаларының басшылары;
- қамқоршылық кеңес мүшелері;
- білім алушылардың ата-аналары.

Білім беру ұйымдарында білім күніне орай өткізілетін салтанатты шараға, сонымен қатар әр аптаның жұма күні және мерекелік іс-шараларға Қазақстанның мәдени мұрасын дәріптейтін ұлттық нақыштағы (атрибут) мектеп формасын кию ұсынылады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеру және әнұранды орындау Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін пайдалану ережесіне сәйкес жүргізіледі.

Білім күніне орай білім алушылар, олардың ата-аналары мен педагогтер арасында әлеуметтік желілерде 1-2 минуттық бейнеролик орналастыру ұсынылады.

Бейнероликті орналастыру күні: 2024 жылғы 1 қыркүйек. Әлеуметтік желілерде орналастыру уақыты: 12:00 – 17:00. Хэштег: #Bilim_quni

Бейнероликке ұсынылатын тақырыптар:

- барлығы үшін: **«Мектебім – мейірім мекені»;**
- бірінші сынып білім алушылары үшін «Мектепке алғашқы қадам»;
- 2-4-сынып білім алушылары үшін «Мен үшін қымбат - мектебім!»;
- 5-8-сынып білім алушылары үшін – «Жаңа жетістіктерге жетуге дайынмын!»;
- 9-11-сынып білім алушылары үшін – «Ой. Арман. Мақсат»;
- 1-сынып білім алушыларының ата-аналары үшін – «Мектептегі бірінші күніміз», «Бірінші сынып – өмірдің жаңа кезеңі»;
- сынып жетекшілері үшін – «Жаңа оқу жылы құтты болсын, менің сүйікті сыныбым!».

2024-2025 оқу жылында «Білім күні» 1 қыркүйекте, **«Мектебім – мейірім мекені»** тақырыбында мектептің барлық қауымдастығының қатысуымен, 1, 11 сынып оқушылары үшін салтанатты шара форматында өткізілді. Сынып сағатында оқушылар білімге деген ұмтылыс, қыркүйек айы еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы туралы ақпарат берілді. Сонымен қатар оқушыларға мектептің ішкі тәртіп ережелерін; Білім беру ұйымдары оқушылардың Кодексі; Оқушылардың мектептегі құқықтары. Таныстыру сабағын өткізді.



1 қыркүйек Білім күніне арналған "Мектебім мейірім мекенім" тақырыбында салтанатты жиын өтті. Салтанатты жиынға Астрахан ауданының әкімі Ерсейтов Т.А. Астрахан ауданы білім бөлімінің басшысы Барахоева П.Ю. және Тұрақты білімді дамыту қорының директоры және тең құрылтайшысы Тоқтарбаев Данияр Салауатұлы және қызметкерлері келіп, жылы лебіздерін білдірді.



Мектепшілік ерекше назарда ұсталақтын оқушылардың, мектептің төлқұжаттарын құру (көп балалы, аз қамтылған, қамқорлыққа алынған, мүмкіндігі шектеулі, оралмандар, дін жолындағылар) есебін шығару. «Жас Ұлан» ұйымы «Абайлаңыз балақай!» жолда жүру ережелері мен



нұсқаулықтарын таныстыру акциясы өтті. Мақсаты: оқушыларға жолда жүру ережесі туралы мағлұмат беру, жол қатынасы ережелерін меңгерту. Жолда жүрген сәттерде қауіпсіздікті қалыптастыру, жолда жүру ережесін есте сақтау арқылы білгендерін пайдалана білуді тұрақты дағдыға айналдыру оқушыларды жол ережелерін бұлжытпай орындауға сақтыққа тәрбиелеу. Біздің елімізде әр түрлі көліктер жылдан-жылға көбейіп келеді. Жаяу адамдар мен көліктегі жолаушылар саны да көбейе түсуде. Көшелер мен жолдардағы жағдай барған сайын күрделеніп келеді. Жол-көлік оқиғаларының қаупі арта түсуде. Сондықтан да жүргізушілер мен жаяу адамдардың көшелер мен жолдарда ерекше тәртіпті және мұқият болуы қажет. Соңғы уақытта көшелерде көлік саны көп болғандықтан алуан түрлі жол көлік апаттарының орын алып жатқандығын, сондай апат салдарынан жас өспірімдердің әртүрлі оқиғаларға душар болып жатқанын жасыруға болмайды. Астрахан №1 орта мектебінде 2024-2025 оқу жылынан бастап «Жол ережесінің қауіпсіздігі» атты айлық кестеге сай жоспар бойынша ай бойына іс-шаралар жасақталып, өткізуде. Іс-шараны өткізудегі мақсатымыз оқушыларға жол ережесі туралы мағлұмат беру, жол қатынасы ережелерін меңгерту. Жолда жүрген сәттерде қауіпсіздікті қалыптастырып, жолда жүру ережесін есте сақтау арқылы білгендерін пайдалана білуді тұрақты дағдыға айналдыру; оқушыларды жол ережелерін бұлжытпай орындауға; сақтыққа тәрбиелеу.

Сынып жетекшілер «Жолда жүру ережесін сақтаймыз», «Қауіпсіз жол», «Жол жүру ережесі», «Жол ережесінің қауіпсіздігі», «Жол тәртібін жадында ұста!», т.б. тақырыптарда сынып сағаттарын өткізді.



"Мектеп Президенті жұмыс жоспарымен таныстырып өтті"

Мектеп президенті Арайлым өзің-өзі басқару жұмысын жандандыра алады және министрлікпен бірге мектеп өмірін қызықты етеді.

20.09.2024 ж. Өзін-өзі басқару ұйымының жиыны өтті. Бұл жиында айтылды Сүлеймен Арайлым 11"ә" сынып оқушысы 2024-2025 оқу жылының аяғына дейін мектеп президентінің жұмысын атқарады. Мектеп тәлімгері Г.Жанабекова оқу жылының жұмыс жоспарымен таныстырып шықты. 8 фракция министрлеріне атқарылатын іс-шаралар туралы мәлім берілді.

2024-2025 оқу
жылындағы парламенті



«Отбасы бұл кішігірім мемлекет» отбасы күніне арналған республикалық апталықтың жоспары құрылып, жоспаға сай іс шаралар өтті. «Менің бақытты отбасым» тақырыбында мектеп психологы ата аналармен конференция өткізді. Конференцияда: баланың тұлға болып қалыптасу үшін отбасының атқаратын рөлі, отбасылық құндылықтар, бала мен ата ана арасындағы психологиялық байланыс, отбасындағы психологиялық климаттың маңызы туралы талқыланды. Сонымен қатар қабырға газеттері шығарылды, сынып жетекшілер «Отбасым бақыт мекенім» атты тақырыбында сынып сағаттары өтті. Отбасындағы қарым қатынас мәдениеті туралы түсінік беру, бақытты жанұя моделін дайындау болды. «Анаға деген шексіз махаббат» атты сынып сағаты өтті.



13 қыркүйек күні 3 “А” және 3”Ә”, 4”А” және 4”Ә” сыныптары арасында отбасылық “Толағай “ сайысы өтті . Сайысқа “Қыран “, “Бірлік”, “Тұлпар “, “Жалын “ топтары өзара сайысқа түсті .Әр отбасы белсенді атсалысты .Сайыстың мақсаты : Оқушы мен ата-аналарға спорттық ойындарды орындата отырып, спортқа деген қызығушылықтарын арттыру.

Салауаттану - адам жанының да, тәнінің де тазаруы, денсаулығының жақсаруы, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу. “Бірлік “ тобы - бас жүлде, “Жалын “ тобы 1- орын , “Қыран “тобы 2- орын , “Тұлпар “ тобы 3- орынды иеленді және әр отбасы бағалы сыйлықтармен , мақтау қағазымен марапатталды .Жауапты :

Серикбаева Балзия Назарбековна



Тілдер мерекесіне байланысты «Тіл тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз» тақырыбындағы онкүндігі өткізіу жоспары құрылып, «Ұлттық тәрбие» бойынша «Ахмет Байтұрсыновтың туғанына жыл толу мерей тойына «Ұлт мақтанышы» өлеңдерінен сайыс өтті.

**05 - 16 қыркүйек аралығында
«Қазақстан Республикасы халқының тілдері күні» мерекесінің
«Тіл- тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз» онкүндігінің
анықтамасы**

Қыркүйек айының 12 жұлдызында мектебімізде " Қазақстан Республикасы халқының тілдері күні" мерекесіне орай " Тіл- тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз" атты онкүндіктің салтанатты ашылуы болды. Салтанатты жиынды " ӘБ" жетекшісі мен пән мұғалімі К. Ж. Асқарова 6-7-8- сынып оқушыларымен ашты. Жиын барысында ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері мен онкүндікте атқарылатын іс-шаралар таныстырылды.



Мектебіміздің кітапханашысы «Тіл- бабалар мұраты» тақырыбында Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларынан кітап көрмесін ұйымдастырылды. Бұл көрмені мектебіміздің 5-9-сынып оқушылары тамашалады.



Мектебіміздің 1-11-сынып арасында сынып жетекшілер «Тіл құралы, мәңгілік елдің ұраны» тақырыбында тәрбие сағаттарын өткізді. Сынып сағаттарында тіл тақырыбында мақал-мәтелдер айтылып, бейнебаяндар көрсетіліп көрсетілді. Оқушылар тақырыпқа байланысты ойларын ортаға салып, көзқарастарымен бөлісті.



Мектебіміздің жас мамандарының ұйымдастыруымен «Тіл -білімнің атасы» атты қабырға газетінің байқауы болып өтті. Байқауға 9-11- сынып оқушылары қатысып, ең мағынасы терең деген жұмыстарға жүлделі орындар берілді.



Ағылшын тілі пәнінің мұғалімдері, Е.Дәлелхан, Г. Оспанова, М Гомардың дайындауымен « Тілдің үш тұғырлығы» тақырыбында 9-11- сынып оқушыларымен дөңгелек үстел болып өтті. Оқушылар өздерінің үш тілді меңгергендігін тағы да дәлелдеді. Оқушылар берілген тапсырмаларға үш тілде анық , нақты жауап беріп, іс-шара жоғарғы деңгейде өтті.



Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері, М. Нурдиллаева мен

М.Қадирбердиева 5-6- сынып оқушыларының арасында «Тіл-әдебиет білгірі» атты сайыс сабақ берді. Сабаққа оқушылар өте белсенді қатысып, сабақтан тыс уақыттарын өте пайдалы өткізді. Сабақта слайттар, үлестірме материалдар, ынталандыру сыйлықтары болды. Қатысушылардың жас ерекшелігіне байласты өте тартымды сабақ болды.

Орыс тілі пәнінің мұғалімдері, Б.Кусаинова мен Б.Куттыбаева тіл



тақырыбына көркемсөз сайысын 6- сыныптар арасында өткізді. Көркемсөз сайысына 12 оқушы қатынасып, өлеңді үздік жаттап, мәнерлеп айта білген оқушыларға жүлделі 1,2,3-орындар берілді.



Мектебіміздің жас маманы, Кадирбердиева Молдир «Ұлт ұстазы-Ахмет Байтұрсынұлы» тақырыбында 5а-5ә сынып оқушыларымен таным сабағын берді. Сабақта ақынның өмірімен, шығармашылығымен таныстырды. Оқушылар сабақ барысында ақынның өлеңдерін оқып, мазмұнын талдады. Сабақта ақын шығармашылығына байланысты видео көрсетілді.



Оқушыларды орыс тілінде сауатты, таза, ұқыпты жазуға тәрбиелеу мақсатында диктант жазу сайысын орыс тілі пәнінің мұғалімдері ұйымдастырды. Бұл жұмыс 8а-8ә сыныптары арасында болып өтті. Ең таза, сауатты жазылған диктанттар іріктелініп, 1,2,3- орындар берілді.



Мектебіміздің 7а-7ә сыныптары арасында « Ағылшын тілін сүйемін» атты эссе жазу байқауын ағылшын тілі мұғалімдері ұйымдастырды. Оқушылардың қазіргі жаһандану заманында ағылшын тілінде өз ойын анық , нақты жеткізе білуіне шындайтын байқау болды. Тақырыпқа байланысты балалар өз ойларын жинақтап, ағылшын тілін қаншалықты меңгергендігін көрсете білді.



16- қыркүйек күні «Тіл- достықтың дәнекері» атты тілдер күнінің онкүндігінің салтанатты жабылуы болып өтті. Салтанатты жиында онкүндікте өткізілген жұмыстарға баға беріліп, ұйымдастырылған іс- шараға белсенді қатысқан және ерекшелене білген оқушылар мақтау қағаздарымен , алғыс хаттармен марапатталды.



Бұл ұйымдастырылған онкүндікте пән мұғалімдері өздеріне берілген тапсырмалар мен іс- шараларды уақытында ұйымдастырып және сол ұйымдастырылған жұмыстарға оқушыларды да жұмылдыра білді.

«Құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдау туралы» жүргізілген жұмыстардың ақпараты

Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша «Буллингке бірге айтыңыз жок!» атты тақырыбында 8-11 сынып оқушылары арасында директор жанындағы отырыс өтті.

Бірінші мәселе бойынша: Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

А.М. Ибрагимова жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында: аудандық ішкі істер бөлімінен жедел уәкілі полиция майоры: абишева Лейла Қалитқызы оқушыларға «Баланы жәбірлеудің (буллингтің), лудомания, суицидтің алдын алу, профилактикасы қағидаларын бекіту туралы, заңмен таныстырып ақпарат берді және мектеп психологы Г.Кажыбаева оқушылардың аутодеструктивті көңіл –күйін анықтау үшін сауалнама алынатындығын алдын ала ескертті.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет

министрлігінде 2022 жылғы 21 желтоқсанда № 31180 болып тіркелдігендігі жөнінде мұғалімдер мәліметпен таныстырды.

Сонымен қатар сынып жетекшілер «Буллингке бірге айтыңыз жок!» атты тақырыбында алдын-алу бойынша мәселелер талқыланып, 5-8 сыныптар арасында сынып сағаттары өткізілгендігі жөнінде айтылды.



2024-2025 оқу жылындағы жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы өтті.



19 қыркүйек күні «Жер бетіндегі аналар, бақытты болыңдар» атты плакатқа 5-9 сынып оқушылары сурет салып, оқушылар қорғады.



23 қыркүйек күні «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Мамандық күні» - орай, түрлі мамандық өкілдерімен кездесу өтті. Кездесу

қонақтарының әрқайсысы өз кәсібі туралы: өз мамандығын таңдауға қалай шешім қабылдағаны туралы,оның ерекшеліктері, артықшылықраы мен кешіліктері жайлы презентациялар көрсетіліп, ақпарат берді.



2024-2025 оқу жолындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша" **Адал ұрпақ** "ерікті клубы секциясы қызметін ұйымдастыру, жұмыс жоспары бекітіліп оқушылар арасында топ мүшелері сайланды, ақпарат стенді құрылды. Жетекшісі:Байжуманова Ж.У

